



Бекітемін: 
Мектеп директоры: Ж.Сундетов
«31» 08 ; 2023 ж

Келісемін: 
ДТІЖО: Е.Хитрук
«29» 08 2023 ж

**Амангелді орта мектебі
6 сыныптың тәрбие жұмысының жоспары**

Сынып жетекшісі: Жұбатқанова Г.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар:ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетіннәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талапқұндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.Қ.

Сыныбы: 6

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- *1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары*
- *5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар*
- *Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл*
- *Қазақ әдебиетінің XXғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	1қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені»		Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	1.09
2	«Сәлем, жаңа оқужылы «Еңбегі адал жас өрен»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	4.09
3	«Мектеп–мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы). ЖЖЕ.Жол жүру ережелері (қайталау).	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	11.09
4	Еріктілер ұйымын құру(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Қалиев Е.	18.09
5	Отбасы күніне арналған іс-шаралар («Тоғыз айға тоғызшара»жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	25.09

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- *1қазан –Қарттар күні*
- *5қазан –Мұғалімдер күні*
- *25қазан –Республика күні*
- *Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына*

145жыл

- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл
-

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мырзағалиева Г.	2.10
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы). ЖЖЕ. Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдау жолы.	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Қалиев Е	9.10
3	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда » («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	16.10
4	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	23.10

ҚАРАША–ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15қараша-Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	6.11
2	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы). ЖЖЕ. Нөмір, айырым белгілерінің және көлік құралдарындағы жазбалардың мақсаты.	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	13.11
3	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	20.11
4	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	27.11

ЖЕЛТОҚСАН–«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	4.12
2	«Отбасы–тәрбиенің алтын бесігі» («Тогыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	11.12
3	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы). ЖЖЕ. Оқушылардың жол- көлік оқиғасы (ЖКО) кезінде өзін-өздері ұстауы.	Сынып сағатының жоспары,	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	18.12
4	Тәуелсіздікке 32 жыл	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	25.12

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	8.01
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мырзағали Г.	15.01
3	«Мейірімділік құндылығы» ЖЖЕ. Әртүрлі жарақаттар алу кезіндегі алғашқы	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	22.01

	медициналық көмек көрсету			
4	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері».	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	29.01

АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1	«Мақал–сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»(<i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мырзағали Г.	5.02
2	«Тарихқа тағзым» (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы</i>)	Суреттер	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Г.	12.02
3	Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті. ЖЖЕ.Жол қозғалысы қауіпсіздігі.	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	19.02
4	Отаншылдық және оның мәні	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	26.02

НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚСАЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1наурыз–Алғысайту күні
- 8наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы
- 27наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1.	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас ерен» жобасы). ЖЖЕ. Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Қалиев Е.	4.03
2.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	11.03
3	«Бәрі де, Ана , бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі») жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	18.03

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

➤ 12сәуір –Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1.	«Достық–көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен»жобасы). ЖЖЕ.Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері. Жол "қақпандары".	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Қалиев Е.	1.04
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі»жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	8.04
3.	«Ұлттық киім–ұрпаққа мұра»(«Ата-аналар мектебі»жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	15.04
4.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы). ЖЖЕ.Жол-көлік оқиғаларына әкеліп соғатын жол жағдайларын зерделеу	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	22.04
5	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»(«Ата-аналар мектебі»жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г.	29.04

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*
- *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл*

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты	Мерзімі
1.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	6.05
2.	«Үстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	13.05
3.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы). ЖЖЕ. Қорытынды сабақ.	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші: Жұбатқанова Г. Мәмбетова Л.	20.05